



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА 3 ЖЫЛ

**Бимақанова З.Ш.**

*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты*

2017 жылы 12 сәуірде Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Онда қоғамдық сананы жаңғырту мәселесі қарастырылған. Міне, бүгінде «Рухани жаңғыруға» 3 жыл толып отыр. Ұлттық деңгейдегі жоба өзінің маңыздылығын жоғалтпай келеді. Себебі бұл жобаның қарқынды дамуына барша қазақстандықтар ат салысуда.

Елбасы ұлттық идеяны негізге ала отырып, ұлттық құндылығымызды, мәдениет пен салт-дәстүрді заман ағымына сай дәріптеу, халықтың санасын ояту арқылы алға жылжу деп көрсеткен. Жалпы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуі», «Жаңа гуманитарлық білім», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» атты алты жобаны қамтиды. Бұл жобалар бойынша М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті де өз үлесін қосуда.

Елбасы латын қарпіне көшу күрделі үдеріс екенін, оның мақсаты тілімізді дамыту және оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару үшін жағдай жасау керек екенін негіздеп көрсеткен. Мобильдік жұмыстың міндетін атқаратын проректор Ж.С. Таласпаева «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуге» байланысты, біліктілікті арттыратын екі апталық курсты ұйымдастырып, одан әрі оны жетілдіру үшін ҚР Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығына: «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбындағы курстарға қатысып, біліктілікті арттыруға мүмкіндік алдым.

СҚМУ ректоры С.М. Омирбаевтың қатысуымен және Рухани жаңғыру институты мен ҚТЖӘГП кафедра меңгерушісі Н.А. Абуов жетекшілігімен Рухани жаңғыру аясында «Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулыққа» байланысты аударылған кітаптар бойынша дөңгелек стол – презентацияларға қатысып, онда әлемнің 42 еліндегі 34 түрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаған қадамдарын айқындап көрсетуге ат салыстым. Бұл біздің болашақ маман кадрлардың ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілетті сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын

қоғамда орнықтыратын басты күшке айналатынына, осылайша, болашақтың кілті білім ордаларында қаланатына өз ойымды жеткіздім.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Researcher: жарияланым мол табысты ғалым» атты Халықаралық әдістемелік семинар-тренингте: «Шетелдік басылымдарда жарияланым тәжірбиесі бар табысты ғалымнан тренинг: абстракт және зерттеу нәтижелерін дайындау» және «Білім алушылардың ғылыми жұмысын қалай ұйымдастырамыз» сияқты сессия тақырыптарына қатысып, жинақтаған тәжірбиемен пікір алмастырдым. «Ашық білім беру жағдайында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру» тақырыбындағы Республикалық онлайн-семинарларда баяндамалар арқылы өз идеяларыммен бөлісіп отырамын.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Ассамблея кафедрасының меңгерушісі Л.А. Гривеннаяның ұйымдастырумен студенттерге арналған «Қазақтану», «Ұлттану» интерактивті білім беру лекторийін өткіземін. Онда Қазақстан халқының тарихи, саяси, ұлттық және мәдени дәстүрінен тамыр алатындықтан, оны білудің тәрбиелік маңызын, сонымен қатар, тарихи сананы қалыптастыруға, мемлекеттіліктің дамуына оң әсерін тигізетінін айтып жеткіземін.

«Жаһандағы қазақстандық мәдениет» атты «Тюрко-монгольский мир Большого Алтая: историко-культурное наследие и современность» атты халықаралық Бірінші Алтай форумына т.ғ.к. З.К. Картовамен қатысуға арнайы шақырылған болатынбыз. Таулы Алтай – Барнаулға ғылыми іссапармен барғанда Ресей, Германия, Қырғызстан, Қытай т.б. оқу орындарының жетекші ғалымдарымен пікір алмастырып, ғылыми және қоғамдық ұйымдарының қызметтерімен таныстық.

Бұл Форумның мақсаты «Алтайтану» саласындағы пәнаралық және ғылыми бағыттағы түрік-моңғол әлемі халықтарының этносаияси, әлеуметтік даму процестерін зерттейтін Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің жетекші ғылыми мектептері мен сараптамалық ұжымдарын бірлестігі болып табылатын орталық құру. Осы форум арқылы ата жұртымыздың тараған жерімен таныстық.

Біздің білім ордамызда жыл сайын өткізіліп отыратын «Жастар және ғылым» атты халықаралық студенттік ғылыми-тәжірбиелік конференцияға студенттердің мақалалары, кафедрадағы «жастардың ғылыми жұмыс орталығының» сұрыптауымен қатысып, студенттер өз ғылыми шеберліктерін шыңдауда. ҚР Конституция күніне арналған «Рухани жаңғыру және ҚР Конституциясының іргелі құндылықтары» атты дөңгелек үстелінің отырысында «Рухани жаңғыру және Қазақстанның Конституциялық құндылықтары» атты баяндамада: «Еліміздің Ата Заңы – Конституция, Конституциялық құндылықтар – Қазақстан қоғамын біріктіреді» дей келе жастардың патриоттық рухын көтеруге, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етуге және білім алумен қатар, өз ойын ортаға салып, идея ұсына алатын ортаға бағытталған. Мысалы, әр ұйымның өз атқаратын міндеті бар. Бірі студенттердің ғылыммен айналысуына мүмкіндік берсе, бірі студенттерді әлеуметтік қамтамасыз етумен айналысады. Студенттер де өзінің жаны

калаған салаға бет бұрып, таңдауын өзі жасайды. Дегенмен барлық ұйымның мақсаты да, ортақ мүддесі де бір. Елбасының бастамасы жастарға жаңа дем, жаңа рух беруді көздейді. Университетімізде сертіне адал, халқының қамын ойлап, бой түзеп, өсіп келе жатқан жастар жеткілікті. Солардан мысал ретінде «Тарих» мамандығы бойынша оқитын студенттер мен магистранттардан мысалға келтіруге болады. И(о)17к Дархан Маржан бакалаврдан, магистанттардан Им-19к Аманбекова Ақжан. Бүгінде білім ордамыз ХХІ ғасырдың еркін, санасы ашық, өз ойы мен пікірі, алдында үлкен мақсаты бар азаматтар мен азаматшалар қалыптастырып жатырмыз. Елбасы «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, әлемнің ең озық жетістіктерін және жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістерді қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі зеректіктің зерделі басты көрсеткіштерінің бірі деп айтқан. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Әскери институттың офицер-оқытушылары мен курсанттарының қатысуымен «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздік жаршысы» атты аймақтық дөңгелек үстел отырыстарын Абуов Н.Ә., Картова З.К. жетекшілігімен өткізіп отырамыз. Мұндай отырыстар жастардың патриоттық рухын көтеруге, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етуге және білім алумен қатар, өз ойын ортаға салып, идея ұсына алатын жүйеге бағытталған іс шаралар.

Қазіргі таңда Елбасының бұл бастамасын жастар барынша дәріптеп жүр. Иә, кешегі Мағжан атамыз сенген жастар бүгінде ұлттық құндылығымызды жоғары деңгейде дәріптеп, елдің болашағы үшін тынымсыз әрекет етуде. Әрине, белсенді жастардың көп болуы баршамызды қуантады. Нұрсұлтан Назарбаев пен Қасым-Жомарт Тоқаев айтып жүрген тіл мәселесіне деген жастардың ынтасы мен талабы да жоғары. Қазіргі таңда шет тілдерін үйрететін білім беру орталықтары мен оған баратын жастардың қарасы да көп. Бұл өте қуантарлық жағдай. Себебі менің өзім де ағылшын тілін үйренуге машықтандым. Тұңғыш Президент пен Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі қалыс қалып жатқан жоқ. Рухани жаңғыру жастарға рухани азық жинайтын дұрыс бағытты көрсетіп жүр. Сондықтан да Рухани жаңғыру бағдарламасы қоғам дамуымен мәңгі жасайды деп есептеймін. Өйткені қоғам жаңғырған сайын рухани жаңғыру аясы жаңғырып отырады.